

Тарихын білу – әр адамның міндеті

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласына арналған дөңгелек үстел өткізілді. Бұл мақалада «Архив-2025», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» сияқты басқа да бағыттар белгіленген.

Осыған байланысты Іс-шараға Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің бастығы Сағидолла Көкенұлы, қалалық телеарнаның директоры Айткүл Ескендірқызы және Облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайының ғылыми қызметкері Батырлан Жұмабайұлы қатысты.

Институт проректоры, техника ғылымдарының кандидаты Нұрлыхан Мұхтарұлы дөңгелек үстелді ашып, жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап жатқан мекеме басшыларына алғысын білдірді.

«Туыссыздық жылдарында қалың халықтың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғасыр өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісі күтіп жатыр. Сондықтан, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет» - делінген «Ұлы даланың жеті қырында».

Осы орайда Арқалық өңірлік мемлекеттік архив басшысы Сағидолла Көкенұлы «Тарихи қазынасы мол архив – халық игілігі» тақырыбында баяндама жасады. «Архив жылдар өткен сайын құндылығы арта түсетін құжаттарды сақтайтын қадірлі орын. Бұл құжаттарға біздің тарихымыз, соның ішінде өлке тарихы негізделеді», - деді ол. Қатысушыларға өңірлік архивте 100 жылдан бергі құжаттар бар екендігі және олардың бірқатары араб, латын, қытай тілдерінде жазылғандығы туралы айтылды. Ал, оның



көпбейресуарі күшін екендігі, оларды оқуға рұқсат тек арнайы органдар арқылы ғана берілетіндігі мәлімденді.

Қазіргі заманда адамдардың таным-түйсігінде кино өнері мен телеарна ерешіе орын алады. Жалпы халықтың тарихи, қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруда фильмдердегі, телебағдарламалардағы образдар, деректі ақпараттар маңызды рөл атқарады.

Осы тақырыпқа байланысты Арқалық қалалық телеарнасының директоры Айткүл Ескендірқызы сөз алып, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының 6-шы тарамағы «Тарихтың кино өнері мен телевизиясындағы көрінісі» туралы баяндап берді. «Қызықты мелодрамалық сарындармен қатар көрермендер үшін фэнтези және шатырман оюғалы блокбастерлермен қатар жаңа тарихи кино туындылардың жанрларын барынша кеңейту қажет», - деді телеарна басшысы. Сонымен қатар, Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалану қажеттілігі туралы да айтылды.

Өлкетану мен тарихи зерттеулер бағытында ауқымды жұмыс атқарып, қызықты да пайдалы Іс-шараларымен Арқалық қаласын ғана емес барлық Торғай өңірін қамтып жүрген мекеме - Облыстық Дала өлкесі тарихи мұражайы. Мұның ғылыми қызметкері Батырлан Жұмабайұлы осы бағыттарда жасалып жатқан жұмыстар туралы сөз өрбетті.

«Ел тарихын, ұлт тақырыбын тереңірек тануға жол бастайтын бұл мақала Президентіміздің өткен жылдары жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жалғасы іспеттес. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бабаларымыздың мұраларын қазіргі замандағы орнымен түсінікті, әрі сұранысқа ие бұйым ретінде көрінуіне мүмкіндік берсе, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында осы салада атқарылатын жұмыстардың нақты бағыттарын көрсетілгендей.

Атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі, аттын адам, ұлы жібек жолы, түркі әлемінің генезисі сынды дүниелердің біздің мұражай жұмысына тығыз байланысты», - деді баяндамашы.

«Біздің қазіргі атқарып жатқан жұмыстарымыздың бірі ең алдымен «Дала фольклорына» қатысты. Елбасымыз бұл жайында «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында былай деген еді: «Бұл жоба аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен заман жазықтарындағы халық әніз әдебиетінің таңдамалы үлгілері - ертегілері, аңыз-ақсаналары, қиссалары мен жоспары жинақталады. Сонымен қатар, фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлері мен өзге елдерге бірнеше іздеу-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру қажет», - дей отырып, Батырлан Жұмабайұлы алға қойылған жоспарлар туралы мәлімдеді.

Сонында Іс-шараға қатысып отырған студенттер келген қонақтарға сұрастар қойып, тиісті жауаптарын алды.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі - «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесшісінің директоры Сабыржан Нұрсәлімов дөңгелек үстелге қатысқан қонақтарға үлкен алғысын білдіріп, «Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға бәріміздің де қатысымыз бар. Сондықтан, өңірлердегі алғаш ашылған «Рухани жаңғыру» кеңесшісінің мүмкіндіктерін пайдаланып, жоғары оқу орнымен бірлесіп Іс-шаралар өткізгісі келетін мекемелерге есігіміз әрдайым ашық», - деп қорытындылады өз сөзін.

Сабыржан ТАСМАҒАНБЕТ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі - «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесшісінің директоры.